

## **Атырау облыстық кәсіподақ ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы**

Ақпараттық жұмыс – «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің негізгі қызмет бағыттарының бірі.

Ақпараттық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру үшін «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің 2024 жылдың күнтізбелік жоспарына сәйкес 14 маусым күні өткен кезекті Атқару комитетінің мәжілісінде осы бағыттағы Атырау қаласы мен Индер ауданы салалық кәсіподақ ұйымдарының жұмыстары тыңдалып, болашақ жұмыстарына бағыт-бағдар берген тиісті қаулылар қабылданды.

Біздің ақпараттық жұмысымызды өрістетуге Республикалық салалық кәсіподақтар басылымы «Ұстаздық еңбек» газетінің орны үлкен. Басылым облыстық салалық кәсіптік одағының қолдауымен 2017 жылдың 23 ақпанынан бері жарық көріп келеді. Газеттің толымды жетістіктері бар: 2018 жылдың желтоқсан айында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы жариялаған «Ұстаз мерейі – ел мерейі» журналистер арасындағы Республикалық байқаудың арнайы жүлдесімен «Ұстаздық еңбек» газетінің шығармашылық тобы марапатталды. 2021 жылдың 8 қазанында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы жариялаған «Еңбек адамын ұлықтау» республикалық медиа байқауының «Үздік ақпараттық әріптес» номинациясы бойынша «Ұстаздық еңбек» газеті жеңімпаз болып танылды.

Газеттің «Сұрақ сізден – жауап бізден» айдары білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, себебі облыстық кәсіподаққа жиі түсетін сұрақтарға нақты жауаптар беріледі. 2023 жылы газеттің осы рубрикасы арқылы 23 сұраққа жауап жарияланды. Облыстық ұйымның заңгері Ю. Айбусынова дайындаған материалдарда білім саласындағы қызметкерлердің біліктіліктерінің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі, еңбек шартының мерзімі, еңбек демалысынан шақыртып алу, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек шартын бұзу тәртібі және тағы басқада мәселелер қамтылды.

Кәсіподақ мүшелерімен жедел байланыс орнату мақсатында 2023 жылдың шілде айынан бері облыстық ұйымның қызметтік ұялы телефоны +7 701 757 91 39 іске қосылды. Биылғы жылы осы ұялы телефонға 65 кәсіподақ мүшесінен түскен 325 сұраққа тиісті дәрежеде жауап берілді. Кәсіподақ мүшелері тарапынан қойылатын сұрақтардың дені, апталық жүктемені орындау, іссапар шығындарын өтеу, қосымша (совместитель) жұмыс атқаратын педагогтарға сауықтыру жәрдемақысын төлеу, ақылы еңбек демалысы кезеңіне келетін Құрбан айт пен Астана күндеріне қатысты, жаңа кәсіподақ мүшелерімен жұмыс берушінің еңбек шарттарын жасау, Келісім комиссиясының шешімдерінің орындалуы, оқу жылының кезінде зейнеткерлікке шыққан ұстазбен еңбек шартын сақтау заңдылықтары туралы т.б. сипат алады.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының тыныс-тіршілігін таныстыру мақсатында «Ұстаздық еңбек» газетінің «Кәсіподақ тынысы» атты арнаулы айдары ашылған-ды. Газеттің осы айдарында аймақтағы білім беру ұйымдарындағы бастауыш кәсіподақтардың жұмыстары жан-жақты көрсетіліп, ұйым мүшелерінің құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғалуы туралы материалдар тұрақты жарияланады. 2021 жылдан бері «Ұстаздық еңбек» газетінің аталған айдарында 216 мақала жарық көрді.

«Атырау облыстық кәсіподақ ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру жолында Кәсіподақтың Орталық Комитетінің ресми сайтының алаңын белсенді пайдаланады. 2021-2023 жылдары сайтқа Атырау облыстық ұйымының 112 (2021 ж. – 33 мақала, 2022 ж. – 41 мақала, 2023 ж. – 38 мақала) материалы жарияланды.

2021 жылдан бері облыстық ұйымның әлеуметтік желідегі парақшалары белсенді жұмыс істеп келеді. [https://www.instagram.com/kasipodak\\_atyrau?igsh=OXRwYXBkYWVlcm92](https://www.instagram.com/kasipodak_atyrau?igsh=OXRwYXBkYWVlcm92) Instagram 2021 жылдың 7 сәуірінде ашылған, бүгінгі таңда 520 оқырманы бар, онда күні бүгінге дейін 403 материал жарияланды. Ал, Facebook <https://web.facebook.com/kasipodakatyrauobl> желісіндегі ұйымның ресми парақшасы 2022 жылдың 6 қыркүйегінде ашылған, 4 997 оқырманы бар. Аймақтың білім саласындағы кәсіподақ ұйымдарының жан-жақты жұмысы туралы 179 пост жарық көрді.

Ақпараттық жұмыста жергілікті және республикалық БАҚ пайдалану орынды жолға қойылған. Есепті мерзімде ұйым туралы ақпараттардың БАҚ беттеріне жариялануы төмендегідей болды:

- ✓ «Қазақстан кәсіподағы» – 21;
- ✓ «Ұстаздық еңбеке» – 290;
- ✓ «Ана тілі» – 1;
- ✓ «Үш қоңыр» – 3;
- ✓ «Атырау» (облыстық) – 19;
- ✓ «Прикаспийская коммуна» (облыстық) – 3;
- ✓ «Мақат тынысы» (аудандық) – 4;
- ✓ «Қызылқоға» (аудандық) – 3;
- ✓ «Жайық шұғыласы» (аудандық) – 5;
- ✓ «Дендер» (аудандық) – 7;
- ✓ «Нарын таңы» (аудандық) – 2;
- ✓ Республикалық телерадио хабарларында – 7.

Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда 5 мақала жарияланды.

Қорыта келгенде, кәсіподақ ұйымдарының жұмыстарын жан-жақты насихаттауда БАҚ және әлеуметтік желілердің алаңдарын белсенді пайдалану бағытында жұмысты жалғастырамыз.

**«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің  
кәсіптік одағы» ҚБ**